

ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ӘДЕТ- ҒҰРЫПТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Хамзина К.Б., Кункабаева Н.Ж.

Қазақ этнопедагогикасының үлкен бір саласы – қазақ халқының салт-дәстүрлері болып табылады. Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет-ғұрыпқа, әсерлі әдет - ғұрыптар салт-дәстүрлерге, халықтың өмірінде қалыптасқан салт-дәстүрлер салт сана болып қалыптасқан. Халықтың салт-дәстүрлері рәсімдер мен жөн-жоралғылар, рәміздер, ырымдар мен тыйымдар, үлгі сенімдер арқылы өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі дамып, толысып, жаңарып отырады. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ал жастарды жан - жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт - дәстүрлердің, тәлім-тәрбиелік, білім танымдық рөлі орасан зор. «Жер астында жатқанды қазбай қарап тіл табар» деп саналы сөзді сары алтыннан артық бағалаған халқымыз салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыпымызды ұлттық құндылықтарымыздың асыл қоймасы деп сақтады.

Халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен көне салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары рухани, мәдени және адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналарымыздың бірі. О баста адам өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасы негізінде туындаған халықтық салт-дәстүрлер, діни әдет-ғұрыптар, маусымдық мерекелер және отбасылық той-томалақтар деп үш топқа бөлінеді.

Діни әдет-ғұрыптарға өте ертеден қалыптасқан түрлі ырымдар, наным-сенімдер, ислам діндерінен енген рәсімдер жатады. Ал маусымдық мерекелерге жалпы халықтық тойларға: жыл басы тойы-Наурыз, жаз тойы-Қызылмұрындық, күз мейрамы-Мизам (шопандар тойы мен сабантой), қыс тойы-Соғым енеді.

Ал отбасылық той-томалақтарға келсек, үйлену тойы (құда түсу, жаушы жіберу, қыз таңдау, қарғы бау, үкі тағар, ұрын бару, есіктөр көрсету, қынаменде, жар-жар, беташар, қыз ұзату, келін түсіру, неке қию, отауға түсіру, отқа май құю, өлітірі т. б.), құрсақ шашу, қырқынан шығару, ат қойып, айдар тағу, тұсау кесер, тілашар, сүндет тойы, мүшел тойы, сапар тойы, жерлеу салттары осы топқа кіреді.

Үйлену Тойы – жігіттің некелесуіне байланысты өз үйінде ұйымдастыратын той-думаны. Мұны кейде келін түсіру тойы деп те атайды. “Үйлену” деген атау еркектің әйел алып үйлі болуына, жеке түгін түтетіп, отау тігуіне байланысты қалыптасқан. Дәстүрлі қазақ қоғамында ұзатылатын қызға міндетті түрде отау (қиіз үй) тігіп беретін, яғни жігіт әйел алып, неке құрумен бірге үйлі болып бөлінетін. Сондықтан да осы қуанышқа байланысты ұйымдастырылатын мереке Үйлену тойы деп аталған. Оның барысында түрлі жосын-жоралғылар (беташар; той; салт-дәстүр) жасалып, тойшылар рухын, көңіл-күйін көтеретін бәсеке, сайыстар, сауық думандар өткізілген (Ұлттық ойындар).

Қазақ халқының ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуда ғасырлар бойы желісін үзбей жалғасып келе жатқан өзіндік салт-дәстүрлері бар. Олар ұрпақ болашағын, келешегін ескеруден туындаған. Ата-ана екі жасты үйлендірмес бұрын жігіт қалыңдықты туыстық араға жеті ата салып іздестіруін, жастарының ерекшелігін ескеріп отырған. Үйлену тойы алдында құда түсіп, жаушы жіберген. Құда түсу, ұрын тойын өткізген. Құдалар бір-біріне есік көрсеткен. Қалың малын алып, жасауын берген. Қыз ұзату тойынан кейін Үйлену тойы, яғни келін түсіру тойы өткізілген. Ауыл әйелдері жасаулы көштің алдынан шашу шашып қарсы алған. Кімде-кім көш бастар түйенің бұйдасын қабылдап алып ауылға жетектеп енсе, “мұрындық апа” атанып, тиісті сыйлығын алған. Ауыл адамдары жүкті түсіріп, ақ отауды әке үйінің оң жағына тігеді. Мұнда жас отау шаңырағын көтеруге балалы-шағалы, төңірекке жақсы атағы жайылған салиқалы ана таңдалады. Отау дайын болған соң, ауыл шетінде хабар күтіп тұрған келінді шымылдыкпен бүркемелеп, ана-енесінің үйіне түсіреді. Жас келінді босағадан оң аяқпен аттатқызып, үш рет сәлем бергізеді. Ошақтағы отқа май құю рәсімі жүргізіледі. Келінді қарсы алған қыз-келіншектерге түрлі сыйлықтар (жүзік, білезік, т.б.) үлестіріледі. Қонақтарға табақ тартылып, ақсақалдар бата бергенде ақ отауға сыбаға жіберіледі. Жас келін оны сәлем етіп қабылдайды. Беташардан соң сауық-сайран басталады. Тойдан

соң құдаларға киіт кигізіп, ат мінгізіп құрметпен шығарып салады.

Адам баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап қартайып дүниеден өткенге дейінгі өмірі үнемі сан ғасырлық наным-сенімі, таным-түсінігі, қоғамдық даму барысындағы ізденістері жинақталған салт-дәстүрлер аясында болады.

Бала - отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Дәстүрлі қазақ отбасында атананың қадірі ерекше әспеттелген. Ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне ерекше назар аударып, «Беске келгенше баланды хандай ұста, он беске дейін құлдай жұмса, он бестен кейін досындай көр» деп, баланың ой-өрісі даму кезеңін ерекше бағалаған. Қазақ халқы қыз ұзатып, ұлын үйлендіріп келе жатқан, басқа халықтар сияқты думаншыл-сауықшыл халықтардың бірі. Қазақ табиғатында отбасы иелері балаларының алдында өздерінің тіршілік әрекетінде барлық адамгершілік қасиеттерін, үлгісін көрсете білген. Оның басты себебі «ұлдың ұяты әкеде, қыздың ұяты шешеді» деп бағалағандықтан. Сондықтан, ата-ана балаларын тұрмыс пен салтқа бейімдеп, шеше көріп тон пішуге, әке көріп оқ жонуға баулитын болған. Осылайша ұрпақтың отбасы тәрбиесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Бұрынғы қазақ жастары тәрбиені мектеп пен медреседе оқып білмесе де қызы анадан, ұлы әкеден үлгі-өнеге алған. Отбасы үшін ежелден тән қасиетті балажандық, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, үлкенді құрметтеу, туысқандық кең байланыс, көршілермен және ұлты басқа халықтармен достық, ізгілік қатынастар осының бәрі қазақ халқының тұрмыс қалпына байланысты болған.

Баланы жастан деуші еді ғой, бірақ баланы жастан емес, бесіктен, бесіктен емес-ау, ана құрсағынан бастап тәрбиелеуді атам қазақ ерте ескерген. Әдетте, адам барлық нәрсені өмірге келген соң үйренетін, барлығын қоғамдық өмірден жинақтайтын тәрізді сезіледі. Алайда адамның бес жасқа дейінгі алған тәрбиесі бүкіл өмірден алған тәрбиесінің 90 пайызын құрайды екен. Соның ішінде сәбидің ана құрсағындағы тәрбиесі маңызды орын алады. Бір қызығы, бала ана құрсағында жүргенде, анасы нені көп үйренсе, нені білетін болса, кейін бала сол нәрсені тез игеріп алады екен. «Сүтпен біткен сүйекпен кетеді», дейді қазақ.

Жерлеу рәсімі – қайтыс болған адамды жер қойнына беруге арналған ережелер жиын-

тығы. Қазақ халқының қаза болған адамды жерлеу турасында ғасырлар бойы қалыптастып, тұрмыста бекем орын алған қағида-ережелері шариат заңдарымен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі жерлеу рәсімінде ұлттық дәстүр ерекшеліктері сақталғанымен, негізінен, шариат заңдылықтары басшылыққа алынады. Жерлеу рәсімдерін жасауға мүмкіндік болмайтын түрлі апат жағдайларынан (соғыс, жаппай ауру-эпидемия), өліктің жекелеген түрлерінен (өлі немесе тірі туылған нәресте, т.б.) және өзге дінді қабылдаған жағдайлардан басқа кезеңдерде жерлеу рәсімі қазақ халқында бірыңғай, жалпыға бірдей орындалады. Шариғат бойынша, жан тәсілім еткелі жатқан адамның аяғы құбылаға қаратып жатқызылады да, калималар дауыстап оқылып, шамасы келсе оның өзіне қайталатылады. Калималардан соң “Иасин” сүресі кеудеден жан шыққанша оқылады. Осы қағида-ережелер сақталғанда ғана өлген адамның “иманы үйірілген” болып саналады. Адам жан тәсілім еткен соң аяқтарын созып, иегін таңады, көзі мен аузы, беті жабылуы тиіс. Өлікті сумен, су жоқ кезде құммен жуады. Мәйіт жерлеу алдында үш рет тазаланып жуылып, маңдайы, иығы, алақаны, қол-аяқтары майланып, иіс су себіліп, басы құбылаға қарата жатқызылады. Содан соң мәйітті кебіндеп, беті киіз не кілеммен жабылған соң, қазаға жиналған мұсылмандар жаназа намазын оқиды. Мәйітті жуудың, кебіндеудің және жаназа оқудың өз шарттары мен ережелері бар. Мәйітті алып жүргенде ең кемі төрт адам көтеру – сүннет. Шариат бойынша, өлікті уақыт оздырмай жер қойнына беру қажет. Қабірдің басы батысқа қарата қазылады. Моланы тіктеп 1,5 не 2 м төртбұрышты етіп тереңдей қазады. Мұны “сыртқы үй” дейді. Құбылаға қарағанда сол жағынан “ішкі үй” – лақат (ақым) қазылады. Лақаттың тереңдігі, ішіне жатқан адам кең жататын, отырғанда басы тірелмейтіндей болғаны жақсы. Қабірдің мұнан өзге түрлері де кездеседі, оның ішінде ақымдап, жармалап қазу лақаттап қазумен ұқсас. Тек сағаналап қазуда көр бөлме сияқты етіп қазылады да, қабырғалары берік ағашпен өріледі. Мұның қай-қайсысында болса да, мәйітті оң жамбасымен, басын құбылаға беріп, бетін құбылаға аздап бұрып қояды. Өлік иістенген, дене мүшелері бөлшектенген жағдайда табытқа салып көміледі, басқа уақытта табытпен жерленбейді. Мәйітті қабірге түсірерде, сыртқы үйден лақатқа кіргізетін адам

бас киімсіз болып, шыққанда өліктің аяқ жағынан шығуы тиіс. Лақатқа түсірген соң кебіннің басын, ортасын және аяқ жағын байлаған кебін орамалы шешіліп, сыртта тұрған адамдарға жіберіледі, олар қабірдің жас топырағынан орамалға уыстап топырақ тастаған соң («өлгенге топырақ салу»), оны қабір ішінде тұрған адамға қайта береді. Ол топырақты мәйіттің бас жағына төгеді. Мәйіттің бас жағы биіктеу болуы керек. Лақаттың аузын қам кірпіш, қамыс, т.б. нәрсемен жабады. Сыртқы үйін топырақпен толтырады. Қабірге белгі ретінде күмбез тұрғызу міндетті емес. Одан гөрі марқұмға бағыштап жиі құран оқып тұрған жөн. Фәни өмірге келтіру де, кетіру де Алланың ісі, сондықтан кісі өлгенде қатты жылап-сықтау, шаш жайып, бет жыртып, Алланың ісіне қарсылық еткендей болу дұрыстыққа жатпайды. Исламият бойынша, ашуға сабыр қылғандарға 100 есе, қайғыға сабыр қылғандарға 300 есе, қазаға сабыр еткендерге есепсіз сауап жазылады.

Ырымдар мен нанымдар: оң және теріс бата, жылан арбау, күн жайлату, ауруды емдеу, кәріжілікті іліп қою, отқа май салу, дуалау, бәдік, алғыс қарғыс, бақсылық және т.б.

Жеті, тоғыз, он екі, қырық сандарына байланысты ырымдар. Қазақ халқында жеті, тоғыз, он екі, қырық сандары киелі, қасиетті, сандар деп есептелген. Оның себебі орта ғасыр алхимиктері мен астрологтарының жеті күнге, жеті жұлдыз атын беруі, жеті металдың (алтын, күміс, темір, сынап, қалайы, мыс, қорғасын) пайда болған күні деп жексенбі, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі күндері ат беруі. Бұл күндердің ішінде әр күнге арнайы ырымдар жасауы (мысалы, жолға сәрсенбі – сәтті күні шығуы, немесе тойды сәрсенбі күні жасауы, жұма ауыр күн деп есептеп жолға шықпай, құдайы садақа беріп, мешітке намазға баруы). Өлген адамды жұма күні жерлемеу, өлген адамдардың жетісін беріп, жеті шелпек пісіріп еске түсіру, баланың ер жетілуін жеті жаспен мөлшерлеп, «жетіге келгенше жерден таяқ жерсің», «жеті қабат жер асты» деуі, т.б. Сондай – ақ ерте кезде арабтар тоғыз санын қасиетті деп санаған. Өлген адам үшін, тоғызын беріп еске түсірген. Сол арабтар арқылы ислам дінінің қазақ даласына енуіне байланысты тоғыз санының ерекше құрмет тұтылуы да байқалады. «Тоғыз ай, тоғыз күн бала көтеру», «тоғыз жолдың тора-

бы», «тоғыз қабат торқа кию», т.б.

Баланың дене бітіміне байланысты сындар мен ырымдар, тыйым сөздер.

Ертеректе қазақтар ырымдап, сәбиге тұлымшақ пен кекіл қойған. Баласы тұрмай жүрген кейбір ата-аналар ер баланың оң құлағын тесіп, сырға таққан. Баласы ер жеткен соң ұлан асыр той жасап, осы тойдың үстіне бозбаланың құлағынан сырғасын алады. Бұл той сырға той деп аталады.

Ел арасындағы түсініктер бойынша төмендегідей сын, ырымдар кездеседі. Нәресте анасының омырауын тас қылып ұстап отырып емсе, онда ол сараң болады, керісінше, алақаны ашық, алаңсыз емес, онда ол өскен соң мырза жігіт болады: ер баланың көзін ашып ұйықтайтын әдеті болса, онда ол ержеткен соң бақытты, жары сұлу болады, ал қыз балада осындай әдеттер болса, күйеуі көрікті болады: егер бала үнемі жастықтың үстіне ұйықтайтын болса, кейін ол ел басқаратын көсем болады, ал көрпені тұмшалап орап алып жатса, өскенде ынжық жігерсіз болады, т.б. деп ырымдаған. Әрине «қазақ ырым етеді, ырым кейде қырын кетеді» демекші, оның бәрі үнемі дәл келе беруі екіталай.

Діни рәсімдер мен мейрамдар.

Наурыз – өте көнеден келе жатқан мейрам. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген халықтардың дәстүрлі мейрамына айналып отырған бұл мерекенің қашаннан бері тойланып келе жатқанын дөп басып айту қиын. Бұл күн – аспан денелері өздерінің ең бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңелетін, жан-жануарлар төлдеп, адамдардың аузы аққа тиетін, жер үстіне шаттық орнаған күн.

Қазақ елі осы күнді «Ұлыстың ұлы күні – ұлыс күн» деп атаған. Григориан календары бойынша ескіше 9 наурыз, жаңаша 21-нен 22-не қараған түн осы күнге сәйкес келеді. Наурыз сөзі иран тілінің ноу-«жаңа», руз-«күн» деген сөздерінен қалыптасып, жылдың бірінші күнін білдірген. Ал қазақ тілінде «наурыз» сөзі – біріншіден, жыл басында тойланатын думанды халықтық мейрам, екіншіден, март айы, үшіншіден, ұлыс күні жасалатын көжеге қатысты айтылады.

Маусымдық халықтық мерекелер.

Қымызмұрындық – қымыз ашыту маусымының басталуына байланысты әдет-ғұрып. Ауыл адамдары бірін-бірі шақырысып, қымыз ішер алдында арнайы дастарқаннан та-

мақ жеседі. Қымызмұрындыққа шақырған үй иелеріне ауыл ақсақалдары ақ батасын береді. Қазақтарда жылу жинау әдет-ғұрпы да бар болатын. Оның мәні кездейсоқ жағдайда үй өртеніп кеткен немесе дұшпанның шабуылынан, қатал қыстың ауыртпалығынан, су тасқынынан, аштықтан зардап шеккен отбасыларына ауылдас немесе туысқан адамдардың көмек; көрсетуі болып табылады. Олар зардап шеккен жандардың алдына қолдарынан келгенінше мал салып береді, киім-кешек, көрпелер, төсек, ыдыс-аяқ жағынан көмек көрсетеді, бастарына шаңырақ көтеруіне жәрдемдеседі. Мұның өзі зардап шегіп, қиналған ағайынға жаны ашынғандықтың, қамқорлық жасағандықтың көрінісі еді. Мүмкіндігі бола тұрып, ондай көмек көрсетуден бас тартқан ағайын-туыс ру ішінен қуылып, аластатылатын. Ал мұндай жазаға кесілгендер өз руының тарапынан жанашырлық жақсылық дәмете алмайды. Өйткені ондай құқықтан айырылған болып саналады. Оларды кез келген қарақшы аяусыз тонап кете алатын.

Мизам (Сабан той) Күз айында диқандар мен бағбандардың құрметіне арналған той. Бұл тойда түрлі жарыстар мен ойын-сауықтар өткізілді.

Соғым басы – қыс тойы болып алғаш рет қар жауып аяз түскен сәттен басталады. Осы кезде ауыл адамдары соғымға сақтаған малдарын сойып, бірін-бірі қонаққа шақырады. Қыстың ұзақ түнінде ақындар мен жыршылар терме, қисса, ертегі айтып, жұртты қызыққа батырады.

Діни мерекелер. Ораза айт және құрбан айт – әрбір дінді ұстанушылардың ерекше қастерлейтін мейрам күндері. Діни мерекелердің ішкі мазмұны мен аталып өтілуі жеке діннің тарихына байланысты.

Намаз – әрбір балиғат жасына толған адамға намаз оқу парыз.

Ораза – тілдік мағынада тиылуды білдіреді, ал шариағатта таң атқаннан күн батқанға дейін ішіп-жеуден, оразаны бұзатын басқа да нәрселерден өзінді тыюмен жасалатын сырлы бір ғибадат.

Зекет – көбею, өсу, берекеттену, тазалық сияқты мағыналарды білдіреді. Қоғамдағы кедей-кепшіктердің орташа өмір сүрулеріне ықпал жасап, мемлекетті әлсіздіктен сақтайды.

Хаж – құрмет тұтылған қасиетті жерді зиярат ету мағынасын білдіреді.

Қажылық – арнайы уақытта Сауд Ара-

биядағы Мекке қаласының жанындағы Арафат тауында ғибадат ниетімен бір мезет тұру.

Осы орайда, Шоқанның қазақтың салт-дәстүрлері мен діни наным-сенімдерін зерттеу еңбектерінің құндылығы: біріншіден, ғылыми ауқымының кеңдігімен көзге түседі. Ол XII–XIX ғ.ғ. арасында өмір сүріп, бүкіл Шығыс халықтарының мәдени мұралары туралы еңбек жазып, пікір айтқан: Марко Поло, Бабыр, Рашиди, Махмуд Хайдари, Мейндорф, А. Левшин, Д. Банзаров т.б. батыс, шығыс ғалымдарының еңбектерін оқып, салыстыра отырып, тарихи шындықтың бетін ашуға тырысқан. Екіншіден, Шоқан қазақ мәдениетін көрші өзбек, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ, моңғол, қытай, татар мәдениетімен байланыстыра қарастырып, олардың бір-біріне тигізетін игі әсерін жан-жақты сөз еткен. Қай халықтың болмасын, жалғыз өзіне ғана тән салт-дәстүрінің болмайтынын, шаруашылық кәсібі мен мәдени тұрмыс-тіршілігі аралас елдердің бір-біріне тигізер әсерінің сөзсіз болатынын мұқият ескерген. Үшіншіден, Шоқан көне тарихи мұраларға сын көзімен қарап бағалаған, салт-дәстүрлердің озық үлгілерін тозығынан ажырата талдаған. Шоқан еңбектерінің тағы бір құндылығы салт-дәстүрлер мен фольклорлық шығармалардың тәлімдік мәніне баса көңіл бөліп, оны халыққа оқу-білім беру ісімен байланыстыра зерттеген.

Ш. Уәлиханов ел ішіндегі діни наным-сенімдерінің күшті кезінде өмір сүргеніне қарамастан, қараңғылық пен надандыққа қарсы күрес ашты, қай халықтың болмасын, салт-дәстүрімен әдет-ғұрыптарындағы озық үлгілерін ортақ мұра етуді мақсат тұтты. Ол мәдениет пен ғылымды бүкіл адам баласының бәріне бірдей ортақ рухани байлықтың қайнар бұлағы деп қарады.

«Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» демекші, салтын сүйген әрбір жас ұрпақ болашақта халқын сүйетін, еліне адал қызмен ететін, тілінің салт-дәстүрінің жанашыры болатындығына сенімдіміз. Бұлардың барлығы – қазақ халықының байлығы.

Сондықтан оны ұмытпай ескеріп жүру – біздің міндетіміз. «Халқым қандай десең, салтымнан сынап біл» демекші, салт-дәстүрлерден этностың мінез – құлқы, үлгі-өнегесі, зейін-зердесі, даналығы мен даралығы, шешендігі мен тапқырлығы, ақыл-ойы, сондай-ақ, жаратушы мен жаратылысқа, өзін қоршаған жанды, жансыз әлемге деген моральдық,

танымдық, этикалық көзқарастары көрінеді. Яғни, салт-дәстүр дегеніміз – халықтың рухани өзегі, мәдениетінің діңгегі, тілінің тірегі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Калиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт – дәстүрлері: Оқу құралы. – А., 1994.

2 Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. – А., 1998.

3 Ұзақбаев С. Тамыры терең тәрбие. – А., 1995.

4 Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – А., 1995.

Резюме

В статье раскрывается воспитательный смысл обычаев и традиций казахского народа.

Conclusion

In this article is provided for educational meaning of customs and traditions of the Kazakh people.

БЕЛГІЛІ ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ОЙ – ПІКІРЛЕРІ

Хамзина К.Б., Төлеуова Ә.

*Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы
Әл-Фараби*

Халық педагогикасынан нәр алған М. Қашқаридің педагогикалық тұжырымдамасының негізгі өзегі – орта ғасырдағы түркі баласының бейнесі – «ұлылыққа ұмтылған», «білімділікті іздеген», «даналықты таңдаған», «біліктіге серік болған», «бабалардың әдеп-ақылдық насихатын ұстанған» ірі тұлға. Өз заманындағы түркі баласының бейнесі туралы Махмұт Қашқари былай дейді: «Ұлы тәңірі: «Менің бір тайпа қосыным бар, оларды «түрік» деп атадым, оларды күншығысқа орналастырдым. Бір ұлысқа ашуланып, назалансам түріктерді соларға қарсы саламын» депті. Бұл жай олардың (түріктердің) басқа жұртқа қарағанда үстем екендігін көрсетеді. Сондықтан да Тәңірдің өзі оларға ат берген, жер жүзінің ең биік, ыңғайлы, ең әуесі таза шұрайлы өлкелеріне орналастырған да, оларды «Өз қосыным» деп санаған. Оның үстіне түріктер көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай көп мақтаулы қасиеттерге ие.

«Түрік сөздігінің» мазмұнына терең үңіліп қарайтын болсақ, М. Қашқари қара сөзбен жазып өткен түркі баласы бейнесі жыр бойына өзек болып, рухани бай, биік адамгершілікті тұлғаның сомдалатынын байқаймыз. Ғұлама сипаттаған түркі баласы бейнесі араға он ғасырдай уақыт салып төмендегіше көрініс табады: «Қазақтар ержүрек, еркіндікті сүйетін халық, бірақ өзге де көшпелілер сияқты елгезектеу. Олар достарына ақкөңіл де, қонақжай, жолаушыға қайырымды, алайда жауларына

аяусыз. Оларға – ұлға үлкенді құрметтеу, әкеге әкелік борышты сезіне білу тән».

Махмұд Қашқари еңбегі қазіргі педагогикадағы дені сау, ұлттық сана-сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу мақсатымен толық үндесіп жатыр. Ғұламаның педагогикалық тұжырымдамасында жеке тұлғаны қалыптастырудағы тәрбиенің жетекші ролі нақты айқындалған: «Ұлықтық болса (тапсаң), сен ізгілік істе, – деген.

Барлық адамдарға белгілі білім, білік, ойлау тәсілдерін, адамгершілік, этикалық, құқықтық ережелерді, яғни бір сөзбен айтқанда, адамзаттың тарихи даму процесінде жасалынған рухани мұра екендігі мәлім.

Жеке тұлғаны қалыптастыру олардың бойында ізгі адамгершілік қасиеттерді, тұлғалық сапаларды тәрбиелеуді көздейді. Адамдардың мінез-құлқының әртүрлі болатындығын, сондықтан тәрбиеге дербес тұрғыдан келу қажеттілігін ғұлама өз дәуірінде көре білген. Дербестіктің қайнар көздері туа біткен ерекшеліктер, бала дамуы жүретін орта және баланың өзіндік ұстанымы екендігін анықтаған. «Кіші аласы ішінде, мал аласы тысында, сыртында», «Бес бармақ тұзу емес» – деген мақалдарды келтіре отырып, тәрбиеге әртүрлі тұрғыдан келу керектігін көрсетеді, яғни бұл жерде тәрбие әдістерін барлық адамға бірдей қолдануға болмайтындығы, оларды адамның бойындағы мінез-құлқына сай таңдап алу қажеттілігіне көңіл аударады.